М. ДУЛАТОВ ат. ҚОСТАНАЙ ИНЖЕНЕРЛІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

КОСТАНАЙСКИЙ ИНЖЕНЕРНО-ЭКОНОМИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ им. М. ДУЛАТОВА

**БЕКІТЕМІН**
Ғылыми кеңес Төрағасы
_____________ Исмаилов А.О.
Хаттама № 8
26.03 2024 г.

**Екінші басылым**

## 6В07213 Қайта өңдеу өндірістерінің технологиясы (салалар бойынша)

# БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ДАМЫТУ ЖОСПАРЫ

## 2023 - 2029 ж.ж.

«Стандарттау және тағам технологиялары» Кафедрасының отырысында қаралды
20.03 2024ж. № 8 хаттама

Қостанай, 2025

**Әзірлеушілер:**

| | | |
|---|---|---|
| «Стандарттау және тағам технологиялары» кафедрасының аға оқытушысы, ББ жетекшісі<br>Моб.тел.: +7-775-571-61-33 | қолы | Мухамбетова Берен Кабыловна |
| «Стандарттау және тағам технологиялары» кафедрасының а-ш.ғ.к., профессоры<br>Моб.тел.: +7-707-896-52-89 | қолы | Есеева Гайния Калимжанова |
| «Стандарттау және тағам технологиялары» кафедрасының б.ғ.к., қауымдастырылған профессоры<br>Моб.тел.: +7-708-134-12-41 | қолы | Сегизбаева Ай-Гуль Сералиевна |
| «Стандарттау және тағам технологиялары» кафедрасының оқытушысы, магистр<br>Моб.тел.: +7-747-885-87-48 | қолы | Қабдолла Дәулет Рашидұлы |
| «Қостанай мелькомбинаты» АҚ-ның өндіріс жөніндегі басшының орынбасары<br>Моб.тел. :+7-705-558-79-10 | қолы | Фирсов Анатолий Николаевич |
| «6В07213 Қайта өңдеу өндірістерінің технологиясы (салалар бойынша)» ББ бойынша оқитын 3 курс студенті<br>Моб.тел.:  8(747) 1170285 | қолы | Шайфутдинов Ильдар Фаритович |

**Мазмұны**


1 Білім беру бағдарламасының сипаттамасы 4

1.1 Білім беру бағдарламасы туралы мәліметтер 4

1.2 ББ дамытудағы ішкі жағдайлар 6

1.3 Білім беру бағдарламасын іске асыратын ПОҚ туралы мәліметтер 7

2 Университеттің 2023-2029 жылдарға арналған стратегиялық даму бағыттарына қол жеткізуге байланысты сапа саласындағы мақсатты көрсеткіштер 8

3 ББ үшін тәуекелдердің әсерін төмендеті жөніндегі іс-шаралар 14

4 ББ SWOT-талдау 16

## 1 Білім беру бағдарламасының сипаттамасы

### 1.1 Білім беру бағдарламасы туралы мәліметтер

«6В07213 Қайта өңдеу өндірістерінің технологиясы (салалар бойынша)» білім беру бағдарламасы Ұлттық біліктілік шеңбері мен кәсіби стандарттарға сәйкес әзірленген, Дублин дескрипторларымен және Еуропалық біліктілік шеңберімен үйлестірілген. Кадрларды даярлау ауыл шаруашылығы өндірісі салалары үшін жүзеге асырылады. Білім беру бағдарламасы өңдеу және тамақ өнеркәсібі саласында өңірдің де, жалпы елдің де қажеттіліктерін ескере отырып, аймақтың салалық бағыттылығына байланысты құзыреттерді қалыптастыру арқылы кең бейінді маманды даярлауға бағытталған.

Инженерлік кадрларды даярлау Қазақстан Республикасында инженерлік білім беруді дамытудың 2024–2029 жылдарға арналған «Өндірістік және өңдеу салалары» тұжырымдамасы аясында жүзеге асырылады.

Басым бағыттар мыналар болып табылады:

1 Пәнаралық негіздер. Пәнаралық білім берудің табыстылығы Minor құзыреттерін меңгеру аясында экономика, IT-технологиялар және шетел тіліндегі коммуникация салаларынан білімдерді ықпалдастыру арқылы қамтамасыз етіледі (Minor «Кәсіби ортадағы ақпараттық технологиялар», «Кәсіпкерлік», «Шетел тіліндегі коммуникациялар»).

2 IT-технологиялар мен цифрлық дағдыларды интеграциялау. «6В07213 Қайта өңдеу өндірістерінің технологиясы (салалар бойынша)» білім беру бағдарламасында «Өңдеу өндірістерінің технологиясы» пәніне жасанды интеллектті қолдану тақырыптары енгізілген, бұл білім алушыларда технологиялық үдерістерді басқарудың зияткерлік және автоматтандырылған жүйелерімен жұмыс істеудің практикалық дағдыларын, сондай-ақ цифрлық және ЖИ-құралдарын қолдана отырып өндірістік деректерді талдау және өңдеу дағдыларын қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

3 Оқыту және инновацияларды енгізу жобалық негізде жүзеге асырылады, бұл білім алушыларда жобаларды басқарудың практикалық дағдыларын, технологиялық кәсіпкерлік пен өңірдің шағын және орта бизнесіне арналған Start-Up жобаларын әзірлеу құзыреттерін қалыптастырады. «Жобаларды басқару» пәні аясында білім алушылар өңдеу өнеркәсібі мен өңірлік экономиканың қажеттіліктеріне бағытталған инженерлік-технологиялық және стартап-жобаларды жоспарлау, іске асыру және олардың тиімділігін бағалау әдістерін меңгереді.

4 Салалық серіктестермен берік байланыстар орнату. «Қостанай мелькомбинаты» АҚ базасында кафедра филиалының жұмыс істеуі білім алушыларға кәсіби практикалық дағдыларды меңгеруге, теориялық білімдерін бекітуге және өңдеу өнеркәсібіндегі нақты өндірістік әрі технологиялық жобаларды іске асыруға қатысуға мүмкіндік береді. Оқытудың практикалық бағыттылығын жүзеге асыру салалық стандарттарға сәйкес біліктілікті растайтын кәсіби сертификаттаудан өту мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Осылайша, «6В07213 Қайта өңдеу өндірістерінің технологиясы (салалар бойынша)» білім беру бағдарламасы бойынша кәсіби сертификаттау ерікті негізде жүргізіледі. https://career.enbek.kz/ru сайтында кәсіптер тізілімі (Реестр профессий) берілген, ҰКЖ-ға сәйкес «135 Инженер-технолог (жалпы бейін)» және «169 Техник-технолог (тамақ өнеркәсібі)» кәсіптері көрсетілген, олар тану рәсімінен өтуде. Осы мақсатта аталған кәсіптер бойынша білім, дағдылар мен құзыреттерді қалыптастыру үшін «Мамандыққа кіріспе», «Элеватор өнеркәсібінің технологиясы», «Астықты қабылдау және сақтау технологиясы», «Жарма және ұн өндіру технологиясы», «Өңдеу өндірістерінің технологиясы», «Өңдеу өндірістерінің технологиялық машиналары мен жабдықтары»

сияқты базалық және бейіндік пәндер енгізілді. Аталған пәндерді меңгеру кәсіби сертификаттаудан өтуге мүмкіндік береді.

5 Жұмсақ дағдыларды дамыту. Университеттің Мансап және бизнес көшбасшылық орталығы білім алушылар үшін мастер-класстар, тренингтер, дөңгелек үстелдер, семинарлар және т.б. іс-шараларды («Жобаларды қалай басқаруға болады», «Тәуекелдерді басқару» және т.б.) өткізеді, онда табысты жұмысқа орналасу және кәсіби өсу үшін қажетті Soft skills дағдылары дамытылады.

6 Ғаламдық және этикалық хабардарлық. Білім беру бағдарламасы тұрақты дамудың құндылықтарын қалыптастыруға бағытталған, олар базалық және бейіндік пәндер аясында көрініс табады, соның ішінде «Аштықты жою, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, тамақтануды жақсарту және ауыл шаруашылығын тұрақты дамытуға ықпал ету» пәні бар.

7 Халықаралықтандыру және жаһанданудағы интеграция. Білім беру бағдарламасын жүзеге асырудағы маңызды аспект — студенттердің академиялық ұтқырлығы. Кафедра студенттері сыртқы және ішкі академиялық ұтқырлық бағдарламаларына қатысып, бейіндік пәндерді меңгеруге, кәсіби құзыреттерін кеңейтуге және басқа академиялық ортада оқу тәжірибесін алуға мүмкіндік алады.

Білім беру бағдарламасын дамыту жоспарының даралығы пәнаралық тәсілдің, жобалық оқытудың, бейіндік пәндерге цифрлық және ЖИ-технологияларды енгізудің, кәсіпкерлік және басқарушылық құзыреттерді дамытудың, сондай-ақ студенттерде жұмсақ дағдыларды, ғаламдық және этикалық сананы және академиялық ұтқырлық тәжірибесін қалыптастырудың кешенді үйлесімі арқылы қалыптасады. Бұл тәсіл өңірлік және ұлттық еңбек нарығында бәсекеге қабілетті кең бейінді мамандар даярлауды қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін 2021–2030 жылдарға дамыту тұжырымдамасын жүзеге асыру аясында (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 30 желтоқсандағы №960 қаулысы) өңдеу өнімдерін өндіру факторларын пайдаланудың жоғары экономикалық тиімділігін қамтамасыз ету көзделген. Бұл мақсатқа ауыл шаруашылығы шикізатының сапасын арттыру, өңдеу кәсіпорындарының материалдық-техникалық базасын жаңғырту, шығарылатын өнім ассортиментін кеңейту, қалдықсыз өңдеу технологияларын енгізу және жаңа өндірістерді салу арқылы қол жеткізіледі.

Қостанай облысы Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенінің қарқынды дамып келе жатқан өңірлерінің бірі болып табылады және Президенттің тапсырмаларына сәйкес орта мерзімді перспективада АӨК құрылымында өңделген өнімнің үлесін 70%-ға дейін арттыру міндеттерін жүйелі түрде жүзеге асырады. Өңірде ірі инвестициялық жобалар іске асырылуда, жаңа және бірегей өндірістер ашылуда, халықаралық инвесторлар тартылуда және ауыл шаруашылығы шикізатын өңдеудің озық технологиялары енгізілуде. Атап айтқанда, «Баян Сұлу» АҚ «Кондитерлік астана» зауытының құрылысы жүргізілуде, «Аруана-2010» ЖШС жаңа диірмен кешені іске қосылды, «Qostanai Grain Industri» ЖШС астықты терең өңдеу зауытының жобасы жүзеге асырылуда, ол ішкі нарыққа және экспортқа арналған кең ассортименттегі бәсекеге қабілетті өнімдерді шығару мақсатында (глютен, крахмал, амин қышқылдары, биоэтанол және т.б.).

«6B07213 Қайта өңдеу өндірістерінің технологиясы (салалар бойынша)» білім беру бағдарламасын дамыту жоспарының бірегейлігі оның Қостанай облысының агроөнеркәсіптік кешеніне аймақтық-салалық айқын бағытталуында, сондай-ақ білім беру процесінің өңірдің өңдеу өнеркәсібіндегі нақты өндірістік нысандармен терең интеграциясында жатыр. Бағдарлама ауыл шаруашылығы шикізатын терең өңдеу, өңдеу өндірістерін технологиялық жаңғырту, технологиялық процестерді автоматтандыру және цифрландыру, сондай-ақ өңірдің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамудың стратегиялық міндеттеріне сәйкес жоғары қосылған құнға ие өнім шығару саласындағы құзыреттерге ие мамандар даярлауға бағытталған.

**1.2 ББ дамытудағы ішкі жағдайлар**

Аталған білім беру бағдарламасын жүзеге асыру үшін тиісті материалдық-техникалық қамтамасыз ету бар.

Білім беру бағдарламасы бойынша кафедрада 4 зертхана және 3 арнайы аудитория жұмыс істейді (1 кестеге қараңыз). Барлық зертханалар оқу процесінің талаптары мен мемлекеттік стандарттарға сәйкес келеді. 201А, 204А, 101А, 302Б және 309Б аудиторияларында мультимедиялық кешендер бар. Зертханалар мен кабинеттердің санитарлық-эстетикалық жағдайы жақсы. Әр аудиторияға паспорт дайындалған.

Таблица 1- «6В07213 «Қайта өңдеу өндірістерінің технологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша студенттерді даярлау бағытындағы зертханалар

| Аудитория нөмірі, корпус | Аудитория атауы | Ауданы, $м^2$ | Отырғызатын орын саны, бірлік |
|---|---|---|---|
| 101 А | «Кондитерлік өндіріс технологиясы» (мини цех) зертханасы | 37,3 | 10 |
| 201 А | «Экология және егіншілік» зертханасы | 36,3 | 14 |
| 204 А | «Өсімдік қорғау» арнайы аудиториясы | 39,9 | 17 |
| 302 Б | «Стандарттау, сертификаттау» арнайы аудиториясы | 47,7 | 16 |
| 303 Б | «Химия» зертханасы | 82,1 | 24 |
| 309 Б | «Астықты сақтау және өңдеу технологиясы» зертханасы | 63,3 | 20 |
| 420 А | «Басқару жүйелері» арнайы аудиториясы | 18,2 | 7 |
| 507 Б | «Стандарттау және тағам технологиялары» кафедрасының оқу аудиториясы | 48,8 | 27 |
| 508 Б | «Стандарттау және тағам технологиялары» кафедрасының оқу аудиториясы | 49,4 | 27 |
| 509 Б | «Стандарттау және тағам технологиялары» кафедрасының оқу аудиториясы | 48,5 | 27 |

Сонымен қатар, осы білім беру бағдарламасы бойынша мамандар даярлау үшін университетте 392,2 $м^2$ жалпы ауданы бар 6 компьютерлік сынып, 16 орындық 74 $м^2$ жалпы ауданы бар қашықтықтан оқыту интернет-технологиялары зертханасы, 25 орындық 51,9 $м^2$ жалпы ауданы бар қашықтықтан оқыту зертханасы, 10 орындық 38,7 $м^2$ жалпы ауданы бар арнайы тілдік компьютерлік сынып, сондай-ақ 1169,9 $м^2$ жалпы ауданы бар спорт кешені мен тренажер залы бар.

Зертханалардың қызметін бақылау жыл сайын өлшеу құралдарын тексеру, инвентаризация жүргізу және университеттің тиісті құрылымдық комиссиялары арқылы

жүзеге асырылады.

Бакалаврлардың оқу-практикалық сабақтарын жүргізу және ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындау үшін кафедра филиалдары «Ауыл шаруашылығы тәжірибелік станциясы Заречное» ЖШС, «Қостанай мелькомбинаты» АҚ мекемелерінде жұмыс істейді.

Білім беру бағдарламасы студенттерге мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарттарында көзделген барлық түрдегі кәсіби тәжірибеден өту мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

6В07213 «Қайта өңдеу өндірістерінің технологиясы» мамандығы бойынша тәжірибе базасы болып келетін кәсіпорындарға мыналар жатады: «Қостанай мелькомбинаты» АҚ, «Баян Сұлу» АҚ, «Baltic Control Kazakhstan» ЖШС, «KAZ Ingrediens» ЖШС, «Альянс-Ком» ЖШС, «Астана НАН» ЖШС, «Комбинат Зерно Продуктов» ЖШС, «КМК-Pioneer» ЖШС, «Аян-Озат» ЖШС, «Олжа Боровское» ЖШС.

### 1.3 Білім беру бағдарламасын іске асыратын ПОҚ туралы мәліметтер

6В07213 «Қайта өңдеу өндірістерінің технологиясы» білім беру бағдарламасын шығаратын кафедра – «Стандарттау және тағам технологиялары» кафедрасы болып табылады.

«Стандарттау және тағам технологиялары» кафедрасында «Қайта өңдеу өндірістерінің технологиясы» білім беру бағдарламасын 41 оқытушы қамтамасыз етеді, олардың ішінде 15 ғылым кандидаттары, 2 ғылым докторлары, 1 PhD, 9 магистр, 11 кәсіпорын мамандары бар. Кафедраның ғылыми дәрежеге ие оқытушыларының үлесі 44% құрайды.

Дәрістерді оқытуға, семинарлық және практикалық сабақтарды жүргізуге негізгі ведомстволар мен ұйымдардың басшылары, ауыл шаруашылығы саласындағы жетекші мамандар қатысады. Ауыл шаруашылығы практиктерін тарту теорияны практикамен жақындатуға және түлектердің кәсіби ортаға жылдам бейімделуіне мүмкіндік береді. Соңғы оқу жылдарында дәрістер ұйымдастырылып, келесі ұйымдардан жетекші мамандар шақырылды: «Ұлттық сараптама және сертификаттау орталығы» АҚ ҚФ, «Жас қанат» ЖШС бройлерлік құс фабрикасы, «ДЕП» ЖШС, «Аян-Озат» ЖШС, «ТПК «KazAgros» ЖШС, «Баян Сұлу» АҚ, «МегаМельПром» ЖШС, «Baltic Control KZ» ЖШС, ҚР АШМ жер ресурстарын басқару комитетінің «Агрохимия қызметі республикалық ғылыми-әдістемелік орталығы» РММ солтүстік-батыс өңірлік филиалы, «Қостанай облысы бойынша техникалық реттеу және метрология комитетінің Департаменті».

«Олжа Агро» ЖШС кәсіпорнының аграрлық мәселелер жөніндегі кеңесшісі Аманжолов Елубай Сибанбаевич «АӨК негіздері» пәні бойынша үш дәріс оқыды.

Қазіргі уақытта 6В07213 «Қайта өңдеу өндірістерінің технологиясы» мамандығы бойынша білім беру бағдарламасын жүзеге асыратын кафедра оқытушылары оқу процесінде жаңа ақпараттық технологиялар мен мультимедиялық оқу құралдарын белсенді қолдануда. Оқу сабақтарында видео-презентациялар, оқу фильмдері, интерактивті оқыту әдістері көрсетіледі, бұл студенттерге оқу материалын жақсы меңгеруге және білімді бекітуге мүмкіндік береді.

Кафедраның ПОҚ пәндердің оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуін жетілдіру бойынша тұрақты жұмыс жүргізеді. 2018 жылдан 2023 жылға дейін «Стандарттау және тағам технологиялары» кафедрасының оқытушылары 50-ден астам оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеп, оқу процесіне енгізді.

**2 Университеттің 2023-2029 жылдарға арналған стратегиялық даму бағыттарына қол жеткізуге байланысты сапа саласындағы мақсатты көрсеткіштер**

| Мақсаттар мен индикаторлардың атауы | Өлшем бірлігі | Есеп беру кезеңі 2023 жыл | 2024 жыл | 2025 жыл | 2026 жыл | 2027 жыл | 2028 жыл | 2029 жыл | барлығы | Жауапты орындаушылар | Аяқталу нысаны |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **Мақсат 1. Аймақтық экономика мен жаһандық еңбек нарығының қажеттіліктеріне сәйкес келетін білімді тұлғаның жаңа түрін қалыптастыру** | | | | | | | | | | | |
| 1. Оқуды аяқтағаннан кейін 1-ші жылы жұмысқа орналасқан түлектердің саны (бітірушілердің жалпы санынан) | % | 86,6 | 90 | 90,5 | 90,5 | 91 | 91 | 92 | | кафедра меңгерушісі ББ жетекшісі, КО | Кафедра отырысының хаттамасы |
| 2. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша жоғары оқу орнын бітіргеннен кейінгі бірінші жылы жұмысқа орналасқан түлектердің саны | % | 84,2 | 84,5 | 84,5 | 85 | 85 | 86 | 87 | | кафедра меңгерушісі ББ жетекшісі, КО | |
| 3. Оқуға түскендер саны БББ бойынша «Алтын» белгілері бар белгі», халықаралық олимпиадалар мен ғылыми байқаулардың жеңімпаздары жобаларды соңғы үш жылдағы президенттік, республикалық олимпиадалар мен ағымдағы оқу жылындағы ғылыми жобалар конкурстарының жеңімпаздары (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталған) | адам | - | - | - | - | 1 | 1 | 1 | 3 | кафедра меңгерушісі ББ жетекшісі, ҚК | Оқуға қабылдау туралы бұйрық |
| 4. ЖОО түлегі жалақысының орташа деңгейінің Қазақстан Республикасы бойынша орташа айлық жалақыға қатынасы | % | 0,52 | 0,57 | 0,62 | 0,67 | 0,72 | 0,77 | 0,82 | | кафедра меңгерушісі ББ жетекшісі, АРБ | Есеп |
| **Мақсат 2. Жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде жеке тұлғаны тәрбиелеуге бағытталған күш-жігерді шоғырландыру** | | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1. Саны білім алушылардың ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар ББ | адам | - | - | - | - | - | - | 1 | 1 | кафедра меңгерушісі ББ жетекшісі, СҚО | Есеп |
| 2. Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылар үшін жағдайлармен қамтамасыз етілу деңгейі (оқу бағдарламалары, лифтілер, пандустар, тұтқалар және т.б.) | % | 100 | 100 | 100 | 100 | 100 | 100 | 100 | 100 | кафедра меңгерушісі, ББ жетекшісі, ИҚ ДжПБ | Есеп |
| 3. Жатақханада тұратын білім алушылардың саны | адам | 1 | 1 | 1 | 3 | 3 | 3 | 3 | 15 | кафедра меңгерушісі, ББ жетекшісі, ЖСБ | Есеп |
| 4. Волонтерлік қызметпен айналысатын білім алушылардың саны | адам | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 7 | кафедра меңгерушісі, ББ жетекшісі, ЖСБ | Есеп |
| 5. ЖОО-ның, ауданның, қаланың қоғамдық өміріне белсенді қатысатын білім алушылардың саны | адам | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 7 | кафедра меңгерушісі, ББ жетекшісі, ЖСБ | Есеп |
| 6. Студенттік ұйымдардың, студенттік клубтардың, жастар комит жөніндегі комитеттердің қызметіне тартылған білім алушылардың саны | адам | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 7 | кафедра меңгерушісі, ББ жетекшісі, ЖСБ | Есеп |
| **Мақсат 3. Интернационалдандыру өсу мен орнықты дамуды қамтамасыз етудің стратегиялық басымдығы ретінде** | | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1. ББ бойынша оқитын жоғары білім беру жүйесіндегі шетелдік студенттердің саны | адам | - | - | - | 1 | 1 | 1 | 1 | 5 | кафедра меңгерушісі ББ жетекшісі, СҚО | Бұйрық |
| 2. QS/ Top-100 рейтингі QS by subject ішінен серіктес жоғары оқу орындарымен қос дипломды білім беру шеңберінде ББ бойынша білім алушылардың саны | адам | - | - | - | - | - | - | - | - | кафедра меңгерушісі ББ жетекшісі, ТО, ХЫО | Бұйрық |
| 3. ЖОО базасында орындалатын халықаралық ғылыми және білім беру жобаларының саны | адам | - | - | - | - | - | 1 | 1 | 2 | кафедра меңгерушісі ББ жетекшісі, ХЫО | Есеп |
| 4. Біліктілігін арттырудан және шетелдік тағылымдамадан өткен ББ бойынша ПОҚ саны | адам | - | 25 | 25 | 25 | 25 | 25 | 25 | 25 | кафедра меңгерушісі ББ жетекшісі, ПБҚ | Есеп |
| 5. ЖОО қаражаты есебінен қаржыландырылатын академиялық ұтқырлық шеңберінде білім алушылардың саны | адам | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 7 | кафедра меңгерушісі ББ жетекшісі, ХЫО | Білім алушылардың бұйрығы, транскрипті |
| 6. Жоғары h-индексі бар тартылған шетелдік ғалымдардың саны | адам | - | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 6 | кафедра меңгерушісі ББ жетекшісі, ПБҚ | Есеп |
| **Мақсат 4. Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, білім беру бағдарламаларын жаңарту** | | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1. Онлайн курстар әзірленген пәндердің үлесі | % | 100 | 100 | 100 | 100 | 100 | 100 | 100 | 100 | кафедра меңгерушісі ББ жетекшісі, ҚОО | Хаттама |
| 2. Жүйені пайдалану прокторинга аралық және қорытынды аттестаттауды өткізуді қамтамасыз ету үшін | % | 100 | 100 | 100 | 100 | 100 | 100 | 100 | 100 | кафедра меңгерушісі ББ жетекшісі, ҚОО | Есеп |
| 3. Пайдаланылатын жүйелердің жалпы санындағы қарыз алуды анықтаудың енгізілген ақпараттық жүйелерінің үлесі (келісімнің болуы) | % | 100 | 100 | 100 | 100 | 100 | 100 | 100 | 100 | кафедра меңгерушісі ББ жетекшісі, ЦжАТБ | Есеп |
| 4. ЖОО-ның онлайн білім беру порталының жұмыс істеуі | дерек | + | + | + | + | + | + | + | | кафедра меңгерушісі ББ жетекшісі, ЦжАТБ | Есеп, сілтеме |
| 5. Цифрлық платформаны пайдалана отырып жүргізілген зерттеулер саны | бірлік | - | - | - | - | 1 | 1 | 1 | 3 | кафедра меңгерушісі, ББ жетекшісі, ҒЗС | Есеп |
| 6. Оқу үдерісіне тартылған жұмыс берушілердің, бизнес құрылымдардың саны | адам | 8 | 8 | 8 | 8 | 8 | 8 | 8 | 8 | кафедра меңгерушісі ББ жетекшісі, ПБҚ | Есеп |
| 7. Оқу процесіне енгізілген электрондық ресурстар санының артуы | % | - | 0,3 | 0,4 | 0,5 | 0,6 | 0,7 | 0,8 | | кафедра меңгерушісі ББ жетекшісі, кітапхана | Есеп |

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 8. Оқыту үдерісінде қашықтықтан оқыту технологияларын қолдану | % | 100 | 100 | 100 | 100 | 100 | 100 | 100 | 100 | кафедра меңгерушісі ББ жетекшісі, ҚОО | Есеп |
| **Мақсат 5. Инфрақұрылымды дамыту, КЕАҚ мүмкіндіктерін ескере отырып, кірістерді әртараптандыру** | | | | | | | | | | | |
| 1. Білім беру үдерісінде қолданылатын виртуалды зертханалардың саны | бірлік | - | - | - | - | 1 | 1 | 1 | 3 | кафедра меңгерушісі, ББ жетекшісі, ҒЗС | Есеп |
| 2. Енгізілген виртуалды зертханалардың саны | бірлік | - | - | - | - | 1 | 1 | 1 | 3 | кафедра меңгерушісі, ББ жетекшісі, ҒЗС | Есеп |
| 3. ЖАО және бизнес өкілдерінің қаражаты есебінен қаржыландырылатын жобалардың саны | бірлік | - | - | - | - | 1 | 1 | 1 | 3 | кафедра меңгерушісі, ББ жетекшісі, ҒЗС | Есеп |
| 4. ЖАО, жұмыс берушілер қаражаты есебінен берілетін гранттар саны | бірлік | - | - | - | - | - | 1 | 1 | 2 | кафедра меңгерушісі, ББ жетекшісі, ҒЗС | Есеп |
| **Мақсат 6. Корпоративтік басқаруды, менеджментті және кадрлық әлеуетті дамыту** | | | | | | | | | | | |
| 1. Шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификаттары бар ПОҚ саны | адам | - | - | - | - | 1 | 1 | 1 | 3 | кафедра меңгерушісі ББ жетекшісі, ПБҚ | Есеп |
| **Мақсат 7. Зерттеу экожүйесін құру** | | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1. Білім беру және зерттеу жобаларына қатысатын ЖОО ПОҚ саны | адам | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 7 | кафедра меңгерушісі ББ жетекшісі, ХЫО | Есеп |
| 2. ЖОО базасында іске асырылатын жобалардың жалпы санынан ЖОО-ның жұмыскерлері, білім алушылары іске асырған стартап жобалардың саны | бірлік | - | - | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 5 | кафедра меңгерушісі ББ жетекшісі, ЖСБ | Есеп |
| 3. Ғылыми-зерттеу қызметіне ЖОО грантын алған жас ғалымдардың саны | бірлік | - | - | - | - | 1 | 1 | 1 | 3 | кафедра меңгерушісі, ББ жетекшісі, ҒЗС | Есеп |
| 5. Рейтингтік басылымдардағы жарияланымдар саны | бірлік | - | - | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 5 | кафедра меңгерушісі ББ жетекшісі, кітапхана | Есеп |
| 6. Тартылған жас зерттеушілердің саны | бірлік | - | - | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 5 | кафедра меңгерушісі, ББ жетекшісі, ҒЗС | Есеп |
| 7. Университет базасында қаржыландырылатын білім беру және зерттеу жобаларының саны | бірлік | - | - | - | - | 1 | 1 | 1 | 3 | кафедра меңгерушісі, ББ жетекшісі, ҒЗС | Есеп |

**3 ББ үшін тәуекелдердің әсерін төмендеті жөніндегі іс-шаралар**

| Ықтимал тәуекел | Тәуекелдерді азайту жөніндегі іс-шаралар | Жауаптылар және іске асыру мерзімдері |
|---|---|---|
| **Сыртқы тәуекелдер** | | |
| Абитуриенттер контингентінің қысқаруы демографиялық жағымсыз процестерге байланысты (туу төмендеуі, халықтың көші-қон төмендеуі). Оқыту бағаларының арзандауы. | Қостанай қаласы мен басқа аймақтардың мектептері мен колледждерінде кәсіби бағдар беру жұмыстарының кешенді жоспарын әзірлеу. Әлеуметтік желілерде белсенді жұмыс жүргізу;<br>Мектеп оқушыларымен бірлескен ғылыми және білім беру жұмыстарын ұйымдастыру, соның ішінде мектептерде, колледждерде мастер-класстар өткізу, М.Дулатов атындағы ҚИнЭУ-де республикалық олимпиадаларды ұйымдастыру;<br>Белгілі бір категорияларға оқытуға жеңілдіктер ұсыну, университетті бітіргеннен кейін түлектермен жүйелі өзара әрекеттесу, білім беру бағдарламалары бойынша практикалық бағытталған курстарды көбейту;<br>Университеттің имидждік жұмысын жақсарту. | СжТТ кафедрасы, маркетинг және коммуникациялар бөлімі, «Мәнсап» орталығы; 2023-2029 жж |
| | Олимпиадаларды ұйымдастыру және өткізу арқылы жеңілдіктер мен скидкалар жүйесін дамыту | А.-ш.ғ.к., қауымдастырылған профессор Мукашева Т.К., әкімшілік, бухгалтерия; жыл сайын |
| | Ұйымның және қорлардың гранттарын тарту | А.-ш.ғ.к., профессор Есеева Г.К.; жыл сайын |
| Білім беру қызметтері нарығындағы жоғары бәсекелестік | Кіретін студенттердің санын арттыру үшін оларға толыққанды оқуға жағдай жасау: түрлі артықшылықтар, жеңілдіктер, жоғары стипендиялар, сондай-ақ шетелдік тәжірибе алмасу және жетекші университеттерге сапар жасау мүмкіндіктерін ұсыну. | СжТТ кафедрасы, халықаралық ынтымақтастық және жобаларды енгізу орталығы, маркетинг және коммуникациялар бөлімі, «Мәнсап» орталығы; 2023-2029 жж |
| | Кафедраның материалдық-техникалық базасын және көрсетілетін қызметтердің сапасын зертханаларды жабдықтау және білім беру бағдарламасы бойынша практикалық бағытталған пәндерді көбейту арқылы жақсарту | Кафедраның ПОҚ; жыл сайын |
| **Ішкі тәуекелдер** | | |

| | | |
|---|---|---|
| Қайта өңдеу өндірістерінің технологиясы ғылыми бағыты бойынша білім беру бағдарламасын жүзеге асыратын ғылыми кадрлардың тапшылығы. Профессорлық-оқытушылық құрамның академиялық ұтқырлығы төмен. | Жоғары білікті ғылыми кадрларды тарту. Профессорлық-оқытушылық құрамның академиялық ұтқырлығын арттыру. | Кафедра, әкімшілік, бухгалтерия; жыл сайын |
| Нөлдік емес импакт-факторы бар ғылыми журналдарда жарияланымдары бар ПОҚ үлесінің төмендеуі. | Профессорлық-оқытушылық құрамның ККСОН журналдары мен шетелдік басылымдарда нөлден өзгеше импакт-факторы бар жарияланымдарының жоспарын жасау. ҚР министрліктері мен халықаралық ұйымдар жариялаған гранттар конкурстарына профессорлық-оқытушылық құрамның белсенді қатысуын қамтамасыз ету. Профессорлық-оқытушылық құрамды рейтингілік ғылыми басылымдарда мақалалар жариялауға материалдық ынталандыру арқылы тарту. Халықаралық базалардағы жарияланымдар санын арттыру. | Кафедраның ПОҚ; 2023-2029 жж |
| Кәсіби және педагогикалық құзыреттердің, соның ішінде инновациялық білім беру технологияларын енгізу бөлігінде, жаңартылу деңгейінің жеткіліксіздігі | ППС-тың заманауи педагогикалық технологиялар мен оқытудың цифрлық құралдары бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өтуі;<br>ППС-тың әдістемелік семинарларға, дөңгелек үстелдерге және тренингтерге (оның ішінде жоғары оқу орындары арасындағы) қатысуы;<br>серіктес жоғары оқу орындарымен тәжірибе алмасу практикасын енгізу;<br>ППС-тың тағылымдамаларға және академиялық ұтқырлыққа қатысуы (мүмкін болған жағдайда). | Білім беру бағдарламасының жетекшісі, кафедра меңгерушісі |
| ЖОО басшылары мен аккредиттелетін білім беру бағдарламалары бойынша оқытуды тәжірибелік түрде жүргізу. | Үздік университеттердің жұмыс тәжірибесін зерттеу мақсатында тағылымдамаларды ұйымдастыру. | А.-ш.ғ.к., профессор Есеева Г.К., аға оқытушы Қабдолла Д.Р.; жыл сайын |
| Ғылыми-зерттеу жұмыстарына | Шарттық және ғылыми жобалар санын арттыру | А.-ш.ғ.к., профессор Есеева Г.К., аға |

| | | |
|---|---|---|
| қаржыландыру көлемінің жеткіліксіздігі | | оқытушы Қабдолла Д.Р.; жыл сайын |

**4 ББ SWOT-талдау**

| **Күшті жақтары** | **Әлсіз жақтары** |
|---|---|
| Еңбек нарығында сұранысқа ие білім беру бағдарламасы бойынша студенттерді даярлау<br>Профессорлық-оқытушылық құрамның біліктілігін арттыру<br>Мансап жолдарының икемділігі мен әртүрлілігі: студенттер әртүрлі салаларда жұмыс істей алады<br>IT саласындағы компаниялармен өзара тиімді ынтымақтастық, стажировкаларға қол жеткізу мүмкіндігі<br>Бағдарлама сұранысқа ие технологияларға бағытталған, бұл оны абитуриенттер үшін өзекті және тартымды етеді<br>Білімді практикалық қолдануға басымдық беру | Білім беру бағдарламасының арнайы аккредитациясының болмауы<br>Өзіндік бірегей контенттің жеткіліксіздігі, кейбір пәндерде жалпы қолжетімді материалдар қолданылуы мүмкін<br>Техникалық қамтамасыз етілу деңгейінің жеткіліксіздігі<br>Мемлекеттік тілдегі оқу-әдістемелік басылымдардың жетіспеушілігі<br>Кейбір оқытушыларға жаңа оқыту әдістемелері мен технологияларына бейімделу үшін қосымша уақыт қажет болуы мүмкін<br>Академиялық ұтқырлық бағдарламаларына қатысу үшін студенттердің ағылшын тілін білудің жеткіліксіздігі<br>Бағдарламаны толық жүзеге асыру үшін бағдарламалық қамтамасыз ету мен техникалық жабдықтарды үнемі жаңартып отыру қажет, бұл қымбатқа түсуі мүмкін |
| **Мүмкіндіктер** | **Қатерлер** |
| Білім беру бағдарламасын негізгі жұмыс берушілердің мүдделерін ескере отырып кәсіби стандарттарға бейімдеу<br>Кәсіби сертификаттау<br>Жасанды интеллект және ақпараттық технологиялар секторы қарқынды дамуда, жоғары білікті мамандарға сұраныс тек арта береді, бұл бағдарламаны сұранысқа ие етеді<br>Халықаралық ынтымақтастық мүмкіндіктері<br>Гранттар және мемлекеттік қолдау бағдарламалары<br>Оқу процесінде инновациялық ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану (МООС, онлайн курстар және т.б.)<br>Оқыту сапасының тиімділігін арттыру<br>Бағалау құралдары қорын қайта қарау және жаңарту | Дүниежүзілік және республикалық білім беру бағдарламалары нарығындағы бәсекелестіктің өсуі<br>Технологиялардың тез ескіріп кетуі<br>Экономикалық тұрақсыздық<br>Бағдарлама студенттердің түсуі аяқталғанға дейін «Атамекен» рейтингтеріне қатыса алмайды<br>Абитуриенттер санының төмендеуі<br>Экономикалық тұрақсыздық<br>Жоғары білікті оқытушыларды басқа университеттер немесе компаниялар тиімді ұсыныстармен тарта алады, бұл бағдарламаның кадрлық әлеуетін әлсіретуі мүмкін |

**Келесі өзгерістер енгізілді:**

1. Кафедраның кеңейтілген отырысында қарастырылды (20.03.2024 ж. №8 хаттама).
2. 1.1 пункт – «Білім беру бағдарламасын дамыту жоспарының бірегейлігі мен даралығы» бөлімімен толықтырылды.
3. 2 пункт – көрсеткіштер сандық түрде берілген.
4. 3 пункт – Ықтимал тәуекел белгіге қосымша критерий енгізілді
5. 4 пункт – «Кәсіби сертификаттау» жазбасы «Мүмкіндіктер» бағанына енгізілді.